Проф. Ж. Дәдебайұлы

АЙБЫНДЫ АЗАМАТ



Дандай Ысқақұлы

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстанның «Құрмет» орденінің иегері.
Филология ғылымдарының докторы, профессор.
Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері.

80 жаста

Құрметті зиялы қауым, қазіргі шақта 80 жасқа толып, Фараби кітапханасының конференцзалының төрінде отырған Дандай Ысқақұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының биік мемлекеттің наградасы Құрмет орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-журналист, әдебиеттанушы ғалым.

Дандай Ысқақұлы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор қызметін атқара жүріп, өткен ғасырдың екінші жартысында болған Желтоқсан көтерілісінің пісіп-жетілуіне ықпал еткен әріптестерімен бірге отаршыл одақтың орталық басқару органдарының қысымы мен қыспағына қарсы қайыспай қайрат көрсеткен айбынды азамат.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының саласы әралуан. Қазақ әдеби сынының тарихы мен теориясы, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының өмірі мен шығармашы-

лығы, рухани жаңғырудағы қазақ тілі мен әдебиетінің тарихи миссиясы, сөз магиясы және басқа бағыттардағы еңбектері мазмұн байлығымен, ғылыми пайымдау мен талдауларының, саралау мен бағалауларының соны сипаттарымен, дәлелділігімен маңызды. Ал «Қазақ әдебиеттанушылары» атты энциклопедиялық анықтамалығы әдебиеттану әлемінің есігін ашқан әрбір жастың қолынан түспейтін, қолданбалы сипаттағы ерекше бағалы еңбекке айналды. Автордың қайнаған қайрат күшін қажет еткен зерттеу кітаптарының бірі - «Әдебиет алыптары» (Астана: «Фолиант», 2004. – 304 б.) деп аталады. Автордың бұл кітабында Мәшһүр Жүсіп, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сынды он алыптың шығармашылығы туралы монографиялық зерттеу мақалалары топтастырылған. Осындағы әр мақаланың өзі автордан көп салалы ізденісті, маңдай терін ағызғандай ерен еңбекті талап еткені анық. Зерттеуші мұнымен тоқтап қалмай, кітапқа енген әр мақаланы іргелі зерттеуге айналдыруды бағдарлаған. Осы мақсатта орындалған монографиялық еңбектерінің бірі Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналды. Зерттеушінің «Мағжан – поэзия падишасы» монографиясы (Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 256 б.) ғылыми тұрғыда барынша толық дәйектелген ойлар мен тұжырымдарға бай бола тұра автордың көркемдік-эстетикалық шарықтауларымен жақсы ажарланған. Автордың: «*Мағжан қазақ поэзиясының падишасы ғана емес, түркілік руханияттың көгінде жарқыраған жарық жұлдыздардың бірі ғана емес, бірегейі*» [9-бет), - деп парықтаса, мұнымен тоқтап қалмай: «*Күн сөнбесе, жұлдыздар сөнбейді. Қазақ барда, жер бетінде түркілік әлем өмір сүріп жатқанда, Мағжанның рухы да жарқырап, жана береді*» (Сонда), - деп шарықтайды. Автор, осылайша, ғылыми нақтылық пен дәлел жүйесінен шығып кетпей, көркемдік-эстетикалық шарттылықтар қызметін де орайлы қолданады.

Дандай Ысқақұлының «Әдебиет алыптары» еңбегімен салалас һәм сабақтас «Мәдениет майданында» әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосқан бір топ ғылым мен білім қайраткерлерінің ұлттық руханияттың дамуына сіңірген еңбектері пайымдалады.

Зерттеушінің бірқатар еңбектері түрік халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің дара тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына арналған. Автор өзіміздің Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари, Қорқыттан бастап, Физули, Науаи, Низами, Рабғузи, Захиреддин Бабыр, Мақтымқұлы және басқа жарық жұлдыздарымыздың шығармашылық келбеттерін келістіріп көрсеткен. Шыңғыс Айтматовтың жазушылығы туралы тұтас бір үлкен монография жазып жариялаған еңбегінің өзі - қырғыз бен қазақ қатар тұрып таң қалғандай тамаша табыс.

Абай ғылыми-зерттеу институтында қызмет етіп келе жатқан жылдарда Дандай Ысқақұлының іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын еркін, жан-жақты және тиянақты жүргізуіне толық жағдай жасалды. Еңбек уақытын өзгелер де, өзі де есепке алып, ескеріп те, ескертіп те отырмады. Таңның атысынан күннің батысына дейінгі бар уақытын ғылымға арнады.

Ғалым Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі бойынша орындаған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Абай тағылымы» атты үлкен монографиялық еңбек жазып, жариялады (Алматы: Көкжиек, 2025). Бұл еңбек Абай институтының Абай мұрасын қазіргі заман талаптары тұрғысына сай зерттеудегі үлкен жетістіктерінің бірі болды.

Дандай Ысқақұлының Абай ғылыми-зерттеу институтында атқарған жұмыстарының бүгінгі таңдағы зор нәтижесі – шығармаларының жиырма томдығын жинақтап, баспаға дайындауы. Осы 20 томдықтың қазір 10 томы жарық көрді.

Он томдық шығармалар жинағының құрамы да, мазмұны да бай. Онда әдебиеттің, әдебиеттанудың іргелі мәселелері де, өмірдің күрделі сырлары да көрініс тапқан.



Ысқақұлы Д. Шығармалар. Он томдық. – Алматы, 2026

Он томмен қатар жарық көрген «Өмір дүние дегенің...», «Бақытты болам десең» сияқты еңбектерінде автор өмір, дүние, бақыт туралы ой толғайды. «Өзің қандай болсаң - өмірің сондай», - деген Қадыр Мырза Әлінің аузынан шыққан сөзді негізге алып отырып, небір орасан ойларды көлдей шалқытып, теңіздей толқытады. Бақытты болуға бағыт сілтеп қана қоймай, бақыт сарайының есігін ашатын кілтті ұсынып тұрғандай болады. Енді бірде елдің бәрі сескеніп, көлеңкесінен қорқып, елесінен үркіп тұратын сөз бен істің өзінен пайдалы, игілікті сыр тартып шығарады. Мысалы, ***қателік*** жасаудан бәріміз сақтанамыз, Жаратушымыздан ***қателестіре көрме*** деп сұраймыз. Ал Дандай Ысқақұлы: «***Қателік – жақсы нәрсе***», - дейді. Мен: «***Апыр-ай, ә***», - деп, қателіктің жақсы нәрсе екеніне сенгім келмейді. Сөз иесі ойын жалғастырып: «Біз көбіне қателіктерден аулақ болуға тырысамыз... Қателік жасауға дайын болыңыз және олардан сабақ алыңыз», - дейді. Мен: «Қателіктен сабақ алғанымыз дұрыс, ал қателік жасауға дайын болғанымыз дұрыс па?» - деп ойланып қаламын. Екінші жағынан: «Сексеннің сеңгіріндегі кісі айтса, қате айтпайды ғой», - деп иланып қаламын. Автордың кісіні осылайша ойға қалдырып ойлануының өзінде терең мән бар-ау деп пікір түйемін. Біздің Дандай, осылайша, ойланып та, ойландырып та жазады.

Профессор Дандай Ысқақұлының еңбектеріне тән басты ерекшелік – нақтылық. Ғылыми шығармашылықтың мәні ғалымның барлауы мен байқауының, талғауы мен талдауының, ойы мен ойлауының, ойлануы мен толғануының нақтылығында. Нақтылық – Дандай Ысқақұлының

таңдап алған зерттеу нысанын тануы мен талдауының, саралауы мен бағалауының басты методологиялық ұстанымы. Нақтылық бар жерде мазмұн бай, мән маңызды. Дандай Ысқақұлы – ғылыми зерттеулерінің мазмұны бай, мәні маңызды қайраткер, Қазақстанның ғылымы мен жоғары білімінің, қазақ әдебиеттануының дамуына, елдің интеллектуалдық әлеуетінің нығаюына, қоғамдық сананың жаңаруына зор үлес қосып келе жатқан айрықша шығармашылық тұлға, ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым.

Ғалымның ғылыми шығармашылық ізденістері мен еңбектерінің басты мақсаты - әдеби шығармашылық, сөз өнері, әдеби сын, әдебиеттану әлеміндегі жастарды қанаттандырып, оларға ой салып, асыл істерге бағыт-бағдар беру. Мұраты - тілдің қуатын, сөз өнерінің, тіл мен сөз өнері туралы ғылым мен білімнің қуатын адамзат қоғамының рухани негізінің нығаюына, адамның кісілік келбетінің кемелденуіне жұмсау. Мұндай мақсат аяулы, мұндай мұрат жолында еңбек еткен азамат айбынды.

Абай ғылыми-зерттеу институты ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, айбынды азамат Дандай Ысқақұлының отбасына амандық-саулық, құт-береке, өзіне зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар тілейді.

29.10.2026